

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 525 қаулысы

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.01.2016 № 19 қаулысымен.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының шеңберінде Астана қаласындағы апатты тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жобаны одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.01.2016 № 19 қаулысымен.

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті ұйымына мынадай негізгі шарттарда кредит беруге ұсыным б е р і л с і н :

- 1) қарыздың сомасы - 20000000000 (жиырма миллиард) теңге;
- 2) мерзімі - 4 (төрт) жыл;
- 3) негізгі борышты өтеу - мерзімнің соңында;
- 4) сыйақыны төлеу - жартыжылдық төлемдермен;
- 5) сыйақының мөлшерлемесі - жылдық 0,02 (нөл бүтін оннан екі) пайыз;
- 6) қамтамасыз ету - қамтамасыз етусіз.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.01.2016 № 19 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2017 - 2019 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде Астана қаласының әкімдігіне уәкілетті ұйымның «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының алдындағы кредитті қайтару бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін 20000000000 (жиырма миллиард) теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт бөлуді көздерін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.01.2016 № 19 қаулысымен.

3. Астана қаласының әкімдігі осы қаулының 2-тармағында көрсетілген іс-шараны орындағаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті ұйымның «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының алдындағы 20000000000 (жиырма миллиард) теңге көлеміндегі кредитті қайтару бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК